

«БЕКІТЕМІН»

Т.Рысқұлов ауданы әкімдігінің
мәдениет және тілдерді дамыту



бөлімінің басшысы

Н.Базарқұлов

2025 Ж.

«Ұлы халықтың-ұлы Абайы» атты аудандық өзге ұлт өкілдерінің өнер байқауының ережесі.

Т.Рысқұлов ауданы әкімдігінің «Мәдениет және Тілдерді дамыту» бөлімінің және «Мелс Өзбеков» атындағы мәдениет үйінің ұйымдастыруымен өзге ұлт өкілдерінің арасындағы Абай шығармашылығын насихаттау мақсатында «Ұлы халықтың-ұлы Абайы» атты өнер байқауы 2025жылдың «17» қараша күні сағат 11-00де аудандық Мәдениет үйінің көрермендер залында өтеді.

1.Байқаудың мақсаты

Қазақтың бас ақыны,ұлы дана,ойшыл,сазгер,әлемнің данасы Абай Құнанбайевтың мол мұрасына деген өзге ұлт өкілдерінің сүйіспеншілігін көрсету.Ұлы ақынның қара сөзері мен жыр шумақ,мысалдары адамгершілік,адалдық,жауапкершілікті жас ұрпақ бойына сіңіре отырып,білімді жастарды тәрбиелеу. Абай тек қазақ ұлтының ғана емес,бүткіл ұлттың данасы екенін көрсету.

2.Байқаудың талаптары мен шарттары.

Байқауға ауданымыздағы,ауылдағы барлық өзге ұлт өкілдері отбасымен «Абай әлеміндегі» қара сөздерін,әндерін,өлеңдерін арқау ете отырып,тәрбиелік мәні бар сахналық көрініс көрсетуі тиіс.

Қатысушыларға сахнада өздерін толық ашып көрсету үшін 10-15 минут беріледі. Байқауға қатысушылардың саны мен жас ерекшеліктеріне шектеу жоқ.

Байқаудың қорытындысы төмендегі талаптар бойынша анықталады.

- 1.Шығарманың тақырыптық ерекшелігі.
- 2.Өнерпаздардың орындаушылық шеберлігі.
- 3.Сахна мәдениетін меңгеру деңгейі,сахналық бейімге үйлесімділігі.
- 4.Репертуар таңдау талғамы.
- 5.Музыка мен көркемдеу.
- 6.Уақыттан аспау.

3. Байқауды қорытындылау және жеңімпаздарды марапаттау

Байқаудың қорытындысы бойынша жеңімпаздарды анықтайды. Әділқазылар шешімі өзгермейді және қайта қарауға жатпайды.

Бас жүлде

- 1-орын
- 2-орын
- 3-орын

Номинация бойынша:

- Әнді сүйсең, менше сүй.
- Өлең сөздің патшасы
- Қара сөз-тағылымды мұра
- Абай жолы-халық жолы
- Әлемнің Абайы

Аудандық байқаудың жеңімпаздары Т.Рысқұлов ауданы әкімдігінің «Мәдениет және Тілдерді дамыту» бөлімінің арнайы сыйлықтарымен, диплом, алғыс хаттармен марапатталады.

Байқауға қатысу үшін өтініштер 2025 жылы қараша айының «10» жұлдызына дейін аудандық «Мәдениет және Тілдерді басқару» бөлімінде немесе WhatsApp номеріне қабылданады.

Мекен жайымыз: Құлан ауылы Жібек жолы №71.

Ұялы телефон: 8707-471-71-75 (Сұрақтар бойынша және WhatsApp)